ATR ATR ATR К.Т.ЭД-01 ATR ATR ATR



Шешендік өнер - халық даналығы.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры - Шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер - ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Шешендік өнерді ғылыми тілінде риторика деп атайды. Риторика - сендіре білу, яғни тыңдаушының санасына, сезіміне әсер ету, ықпал жасау. Бұл өнердің (падишасы) тарихы Көне Грекиямен тығыз байланысты. Мұнда риторика өнердің падишасы болып саналған. Шешендік сөз - қазақтың жанымен бітісіп, қанымен қабысып жатқан ұғым. Батырлар жыры, тарихи аңыздар, әншілік, күйшілік өнер, айтыс - жалпы қазаққа тән ұлттық ерекшеліктердің бәрі осы ұғыммен астасып жатыр. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді. Шешендер сөзі - халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын жырауларының арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Бұл - халықтың көкейіндегісін айтқан, оның жарыққа шығарған әділет жоқшысы.

Қазақ шешендік өнері - қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан сөз байлығының, сөз құнарының негізінде бүтін бір ұлттың суырыпсалмалық қасиетін бойына дарытқан, күрделі тарихи, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешкенде белді рөль атқарған, халық кәдесіне жараған синкретті өнер. Шешендікпен



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ